

№3 Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген орны: «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы

Өткізілген күні: 20.02.2026 ж

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: Мырсейтова Э.С.

Хатшы: Жүрсін Н.Б.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Ұйқыдан кейінгі жаттығуды жүргізу әдістері» (өз тәжірибемен бөлісу)

Тәрбиеші: Кенжеева У.Т.

2. «Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту»

Тәрбиеші: Сыздық Ш. Ә.

I. ТЫҢДАЛДЫ: «Ұйқыдан кейінгі жаттығуды жүргізу әдістері» (өз тәжірибемен бөлісу)

СӨЙЛЕДІ: Тәрбиеші: Кенжеева У.Т. «Ұйқыдан кейінгі жаттығуды жүргізу әдістері» тақырыбында өз тәжірибемен бөлісті. Күн тәртібіндегі денсаулық сақтау жағынан маңызды бір шара – ұйқыдан кейінгі шынықтыру кезеңі болып табылады. Баланың денсаулығын нығайту үшін, оның жас ерекшелігінің физиологиялық даму кезеңдерін және оның денсаулығын жақсарту мен қуаттайтын қажетті шараларды анық білу қажет. Ұйқыдан кейінгі жаттығулардың негізгі мақсаты – баланың көңіл-күйін және бұлшықет тонусын қарама-қарсы ауа ванналары және физикалық жаттығулар көмегімен көтеру. Ұйқыдан кейінгі жаттығулардың жалпы ұзақтығы кіші топтарда 7-10 минут, ересек топтарда -10-15 минутты құрайды. Ұйқыдан кейінгі жаттығудың балалардың зейінін, көңіл-күйін және оқу қабілетін арттыруға әсері зор. Педагогтармен тәжірибе алмасу, сұрақ-жауап жүргізілді.

II. ТЫҢДАЛДЫ: Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту

СӨЙЛЕДІ: Тәрбиеші Сыздық Ш.Ә. «Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада ата-анамен серіктестік — бала дамуының маңызды факторы екені атап өтілді. Ата-аналарды тартудың тиімді формалары ретінде: ашық есік күндері, бірлескен шеберлік сағаттары, жобалық жұмыстар, отбасылық байқаулар, кеңес беру кездесулері, тренингтер және цифрлық кері байланыс арналары айтылды. Ата-аналардың белсенділігі артқан кезде баланың оқу жетістігі мен тәртібі де жақсаратынына мысалдар келтірілді.

Сөз алған әдіскер Жүрсін Н.Б. ата-аналармен ортақ шығармашылық жұмыстар (колөнер, көрме, жоба) жақсы нәтиже беретінін айтты.

Кеңес барысында педагогтер іс-әрекеттен кейінгі жаттығуларды жүйелі жоспарға енгізу және ата-анамен жұмыстың белсенді формаларын көбейту жөнінде пікір алмасты. Әр топта ата-анамен жұмыс жоспарын нақтылау ұсынылды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Ұйқыдан кейінгі жаттығулар жүйелі түрде жоспарға енгізілсін.
2. Ата-аналарды оқу-тәрбие процесіне тартудың белсенді формалары қолданылсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:



Мырсейтова Э.С .

Хатшы:

Жүрсін Н.Б.